

2013 жылға арналған Нұра ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 17 сессиясының 2013 жылғы 20 наурыздағы N 166 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 сәуірде N 2307 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы N 240 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 27.03.2014 N 240 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабының 3-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 183 қаулысына "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 маусымдағы N 869 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" қаулысымен енгізілген өзгерістеріне сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2013 жылға арналған аудан бюджетінде қарастырылған сома көлемінде келесі әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. Нұра аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 ақпандағы N 20 "2012 жылға арналған Нұра ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұру

үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-14-169 тіркелген, "Нұра" газетінің 2012 жылғы 7 сәуірдегі N 14 (5248) жарияланған), Нұра аудандық мәслихатының 2012 жылғы 4 қазандағы N 120 " Нұра аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 ақпандағы 2 сессиясының "2012 жылғы Нұра ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұру үшін келген мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін кредит түрінде ұсыну туралы" N 20 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 1959 тіркелген, "Нұра" газетінің 2012 жылғы 17 қарашадағы N 45 (5278) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б. Мұқышева

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Б. Шайжанов

КЕЛІСІЛДІ:

*Нұра ауданы экономика
және бюджеттік жоспарлау
бөлімінің бастығы
М. С. Мұхамеджанова*

26 наурыз 2013 жыл